

**Жансая Аманбекқызы¹, Гүлбаршын Олжабайқызы Сыздықова^{2*},
Ляйля Мидхатовна Хусаинова³**

¹докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.,
ORCID: 0009-0005-6828-4542 E-mail: zhandau06@gmail.com

^{2*}автор-корреспондент, филология ғылымдарының докторы, профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.,
ORCID: 0000-0001-6365-0113 E-mail: go.syzdykova@mail.ru

³филология ғылымдарының докторы, профессор,
М. Ақмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті, Башқұртстан, Уфа қ.,
ORCID: 0000-0002-7571-8143 E-mail: lejla-kh@yandex.ru

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ӨЛІМ» СЕМАЛЫ ПАРЕМИЯЛАРДЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ

Аңдатпа. Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы «өлім» семалы паремиялардың лексика-семантикалық өрісі талданады. Зерттеудің мақсаты – «өлім» концептісінің мағыналық ерекшеліктерін Ш.Құдайбердіұлы туындыларындағы мақал-мәтелдер негізінде талдау. Зерттеуде лингвомәдениеттану аясында тіл мен мәдениеттің байланысын анықтауға, концепт ұғымын, оның құрылымы мен зерттеу әдісін, «өлім» семалы паремиялардың лексика-семантикалық өрісін анықтауға талпыныс жасалды. Зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негізіне когнитивті лингвистика, психолингвистика бойынша жазылған зерттеулердегі ғылыми тұжырымдар басшылыққа алынды. Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінен жинақталған тілдік деректер, түрлі сөздік мақалалар зерттеу материалы ретінде қарастырылды. Ғылыми зерттеудің жаңалығы Ш.Құдайбердіұлы шығармаларының паремиологиялық кеңістігіндегі «өлім» концептісінің лексика-семантикалық өрісіне тілдік және лингвомәдени талдау арқылы кешенді сипаттама берумен анықталады. Зерттеу нәтижелерінің теориялық құндылығы ақын өлеңдеріндегі дүние бейнесінің «өлім» концептісі арқылы өзектелуінің анықталуымен және зерттеу барысында алынған нәтижелердің когнитивті лингвистика мен лингвомәдениеттану саласындағы алдағы зерттеулерге негіз болуымен сипатталады. Зерттеуде сөздік анықтамаларда ұсынылған концептілік өріс, оның фразеологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдерде берілуі және ақын өлеңдеріндегі «өлім» семалы паремиялардың лексика-семантикалық өрісі талданды.

Тірек сөздер: сема; концепт; таным; мақал-мәтелдер; фразеологизм

Сілтеме жасау үшін: Аманбекқызы Ж., Сыздықова Г.О., Хусаинова Л.М. Шәкәрім шығармаларындағы «өлім» семалы паремиялардың лексика-семантикалық өрісі. *Tiltany*, 2025. №4 (100). 59-69-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-59-69>

**Жансая Аманбекқызы¹, Гульбаршын Олжабаевна Сыздықова^{2*},
Ляйля Мидхатовна Хусаинова³**

¹докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Казахстан, г. Астана, ORCID: 0009-0005-6828-4542 E-mail: zhandau06@gmail.com

^{2*}автор-корреспондент, доктор филологических наук, профессор,
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана,
ORCID: 0000-0001-6365-0113 E-mail: go.syzdykova@mail.ru

³доктор филологических наук, профессор,
Башкирский государственный педагогический университет имени М. Акмуллы,
Башкортостан, г. Уфа, ORCID: 0000-0002-7571-8143 E-mail: lejla-kh@yandex.ru

ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКОЕ ПОЛЕ ПАРЕМИИ С СЕМОЙ «СМЕРТЬ» В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ШАКАРИМА

Аннотация. В статье анализируется лексико-семантическое поле паремий с семой «смерть» в произведениях Шакарима Кудайбердиұлы. Цель исследования – проанализировать смысловые особенности концепта «смерть» на основе пословиц и поговорок в произведениях поэта. В рамках лингвокультурологии предпринята попытка определить взаимосвязь языка и культуры, уточнить понятие концепта, его структуру, методы исследования, а также описать лексико-семантическое поле паремий с семой «смерть». Научно-методологическую основу работы составили труды по когнитивной лингвистике и психолингвистике. Материалом исследования послужили языковые

данные: словарные статьи и тексты стихов Шакарима Кудайбердиұлы. Новизна исследования определяется комплексным описанием лексико-семантического поля концепта «смерть» в паремиологическом пространстве произведений поэта с привлечением языкового и лингвокультурного анализа. Теоретическая ценность работы заключается в выявлении способов актуализации образа мира в стихах Шакарима через концепт «смерть» и в создании основы для дальнейших исследований в области когнитивной лингвистики и лингвокультурологии. В исследовании проанализировано концептуальное поле, представленное в словарных определениях, его отражение во фразеологизмах и пословицах, а также лексико-семантическое поле паремий с семой «смерть» в стихах поэта.

Ключевые слова: сема; концепт; познание; пословицы; фразеологизм

Для цитирования: Аманбекқызы Ж., Сыздыкова Г.О., Хусайнова Л.М. Лексико-семантическое поле паремий с семой «смерть» в произведениях Шакарима. *Tiltanym*, 2025. №4 (100). С. 59-69. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-59-69>

Zhansaya Amanbekkyzy¹, Gulbarshyn Syzdykova^{2*}, Layla Khussainova³

¹Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana,

ORCID: 0009-0005-6828-4542 E-mail: zhandau06@gmail.com

^{2*}Corresponding Author, Doctor of Philological Sciences, Professor,

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana,

ORCID: 0000-0001-6365-0113 E-mail: go.syzdykova@mail.ru

³Doctor of Philology Sciences, Professor, M. Akmulla Bashkir State Pedagogical University,

Bashkortostan, Ufa, ORCID: 0000-0002-7571-8143 E-mail: lejla-kh@yandex.ru

THE LEXICAL-SEMANTIC FIELD OF PAREMIAS WITH THE SEMA «DEATH» IN SHAKARIM'S WORKS

Abstract. The article analyzes the lexical and semantic field of paroemias with the seme “death” in the works of Shakarim Kudaiberdiuly. The purpose of the study is to analyze the semantic features of the concept of “death” based on proverbs and sayings in the poet's works. Within the framework of linguoculturology, an attempt has been made to determine the relationship between language and culture, to clarify the concept of a concept, its structure, research methods, and also to describe the lexical and semantic field of paroemias with the seme “death”. The scientific and methodological basis of the work consists of works on cognitive linguistics and psycholinguistics. The research material was linguistic data: dictionary entries and texts of Shakarim Kudaiberdiuly's poems. The novelty of the research is determined by a comprehensive description of the lexical and semantic field of the concept of “death” in the paremiological space of the poet's works involving linguistic and linguocultural analysis. The theoretical value of the work lies in identifying ways to actualize the image of the world in Shakarim's poems through the concept of “death” and in creating the basis for further research in the field of cognitive linguistics and linguoculturology. The study analyzes the conceptual field represented in dictionary definitions, its reflection in phraseological units and proverbs, as well as the lexico-semantic field of paroemias with the seme “death” in the poet's poems.

Keywords: sema; concept; cognition; proverbs; phraseological unit

For citation: Amanbekkyzy, Zh., Syzdykova, G., Khussainova, L. The Lexical-Semantic Field of Paremiias with the Sema «Death» in Shakarim's Works. *Tiltanym*, 2025. No.4 (100). P. 59-69. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-59-69>

Кіріспе

Паремиологиялық бірліктер құрылымы, семантикасы мен прагматикасы секілді сипатымен ғана емес, сонымен бірге мәдени белгілерімен де айқындалады. Мақал-мәтелдерді дұрыс түсініп, орынды қолдану үшін олардың мәдени коннотацияларын міндетті түрде ескеру қажет.

Лингвомәдениеттанымдық талдау паремиологиялық бейненің семантикасын белгілі бір мәдениет аясында, оның архетиптері, символдары, мифологемалары, стереотиптері, эталондары мен түрлі мәдени кодтарын ескере отырып сипаттайды, яғни оны белгілі бір этностың дүниетанымы мен әлемді түсінуінің өзіндік ерекшелігі көрініс табатын мәдени маңызды бірлік ретінде қарастырады деген Л.А. Мисиева авар тілінің паремиологиялық бірліктерін зерттей отырып, оған мынадай анықтама береді: «Паремиалар этностың тәжірибесі мен тарихи дүниетанымын, әлемді түсінуін жеткізетін, ұлттық мәдениеттің маркерлерін бойына сіңірген бірліктер болып табылады. Олар, әдетте, паремиологиялық бейне арқылы көрініс табады» (Мисиева, 2023: 15).

Шәкәрім Құдайбердіұлының паремиологиялық кеңістігіндегі «өлім» концептісіне тоқталу арқылы тіл білімінің ежелгі заманнан бері зерттеп келе жатқан басты тақырыбы – тіл мен

ойлаудың байланысын айқындауға болады. Бұл туралы ғалым Ж. Манкеева былай дейді: «Ал, тіл арқылы берілетін ойдың ар жағында сол тілде сөйлеушінің танымы, мәдениеті, психологиясы, өмір тәжірибесі, т.б. рухани-прагматикалық жүйесі жататыны белгілі» (Манкеева, 2014: 192). Әр ұлттың өзіне ғана тән дүниетанымы концептілер мен символдарда, ұлттық реңктегі фразеологизмдерде көрініс табады. Көптеген зерттеушілер жеке адамның ана тілі мен оның дүниетанымы арасындағы байланысты зерттеу қажеттілігін атап көрсетеді. Нәтижесінде ұлттық мінез-құлық, этнографиялық деректер секілді белгілі бір тілдік қауымдастық туралы бай ақпаратты ұсынатын әр түрлі мәдени маңызы бар ұғымдар анықталады. Сондықтан да Шәкәрім өлеңдеріндегі «өлім» концептісі арқылы ұлт танымы, мәдениетімен де таныса аламыз.

Концепт термині туралы тіл білімінде бірін-бірі толықтырып тұратын түрлі анықтамалар кездеседі. А. Ислам «Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті» атты зерттеу еңбегінде концептінің мәдени реңкі басым болғандықтан ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болатынын былай сипаттайды: «концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым» (Ислам, 2004: 15). Ғалым күрделі тілдік құрылымнан тұратын концептілердің ұлттық ерекшелігі мен ортақ белгілерін айқындау үшін олардың тілдік көрінісін, белгілі бір ұғымды білдіретін этимологиясын, синонимиясы мен антонимиясын, фразеология мен тілдік тұлғалар құрамында берілуін зерттеу – олардың өзіндік «тілін» танып, адам санасындағы орнын айқындауға зор мүмкіндік беретінін атап көрсетеді.

Б.И. Нұрдәулетова концепт терминіне: «концепт – индивидтің, тілдік ұжымның дүние, жаратылыс, оның түрліше заттары мен құбылыстары туралы өмір тәжірибесі, білімдік аясы (көзқарасы, танымы) негізінде, өзі өмір сүретін әлеуметтік ортаның мәдениетінен қабылдап, қалыптастырған танымдық, білімдік жүйесі» (Нұрдәулетова, 2011: 59), – деп анықтама береді.

Р.М. Фрумкина «Психолінгвистика» атты еңбегінде: «Концепт термині сөздің жасырылған түпкі мәнін ұғуда өте қолайлы, ол ұғымның ойымыздағы қалыпты қисынынан алшақтауға мүмкіндік береді» (Фрумкина, 2007: 45), – дейді. Демек, сөздердің тура мағынасының астарында сол сөзді тұтынушы халық санасымен байланысты терең сыр жасырынып жатады.

В.А. Маслова концепт ұғымының ішкі мәнін нақтылай түседі: «Сонымен қатар концепт ретінде танылатын тілдік бірліктердің саны шектеулі, өйткені барлық құбылыстың белгі атауы концепт емес. Белгілі бір мәдениет үшін өзекті де құнды, өзін жеткізуде түрлі тілдік бірліктерге ие, мақал-мәтелдердің, поэтикалық және прозалық мәтіндердің өзегіне айналған шындық құбылыстар ғана концепт бола алады. Олар тілдік символдар, эмблемалар ретінде өзін тудырған мәтін, жағдай, білімнің нақты мәнін айшықтайды. Олар – халықтың мәдени жадын тасымалдаушылар» (Маслова, 2007: 38). Яғни оның табиғаты эмотивті, коннотациялы, аксиологиялық сипатқа ие, тілде өз «аты / атауы» бар. Когнитивті лингвистиканың зерттеу нысаны – бүкіл концептілік жүйені ұйымдастыруда өте маңызды, концептілік өріс құрайтын және оның бастауы ретінде сипатталатын концептілер. Мұндай концептілерге Уақыт, Кеңістік, Сан, Өлім, Өмір, Бостандық, Еркіндік, Ақиқат, Білім, т.б. жатады (Маслова, 2007: 52).

Материал және әдістер

Шәкәрім өлеңдеріндегі «Өлім» концептісін талдауда оның концептілік өрісін құрайтын «ажал», «қаза», «тағдыр», «ақ өлім», «қара жер» секілді синонимдес ұғымдардың мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестер арқылы берілуіне тоқталамыз. Мақалада Шәкәрімнің «Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы», «Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым», «Анадан алғаш туғанымда», «Мақсұтың болса орынсыз», «Мінін айтса, бұзылмас кімнің түсі», «Қалқаман-Мамыр», «Криз патша», «Өлген көңіл, ындысыз өмір» атты өлеңдері талданды. Мұнда тарихи-салыстырмалы әдіс және жинақтау, концептілік және аналитикалық талдау түрлері мен тәсілдері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Қазақ халқының дүниетанымдық көзқарасын танып-білуде Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдеріндегі тілдік бірліктер арқылы өлімнің концептілік өрісін анықтап, талдауға болады. Мәселен, зерттеуші ғалым Т. Шаңбай «Шәкәрім шығармашылығында кездесетін тірек

ұғымдардың бірі» ретінде өлімнің микроконцептісі саналатын «ажал» ұғымын атап өтеді. Ғалымның өз сөзімен дәйектесек: «Алла Тағаланың әділеттілігі мен Көкенайдың әділетсіздігін бейнелеу арқылы, ажалды әділетті және әділетсіз ұғымдармен ағастыра теологиялық-философиялық контекст аясында береді» (Шаңбай, 2009: 31). Бұл бағыттағы зерттеулерінде Дж. Виларруа-Мартин былай дейді: «Ең алдымен, біз өлімнің өмір шындығына онша бейімделмеген басқа түсіндірмелермен салыстырғанда өмір өлімнің элементі екендігі туралы жаңалықты ерекше атап өтеміз. Себебі өлім бізге өмірдің шексіздігін ұғындырып, әрбір сәтті ерекше құнды етеді» (Vilarroig-Martín, 2020: 1182). Демек, осы тұрғыдан алғанда Шәкәрім өлеңдерінде өлім адамды мәңгілікке жалғайтын, тұтас тіршіліктің бір бөлшегі ретінде суреттелуі ерекше назар аудартады.

Ақын өлеңдеріндегі «Өлім» концептісін талдамас бұрын, оның көне жазбаларда, ежелгі ата-бабамыздың дүниетанымында қалай қолданғанына тоқталып өтсек. Мәселен, XI ғасырда өмір сүрген көрнекті ақын, ойшыл-ғалым Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында өлімді «оралмайтын ұзақ сапар», одан «құтылатын жоқ орын» деп суреттейді, егер де хабар келсе дайындалып, түбі соғарын біліп, жиналып жүр дейді (Ө. Құрышжанұлы аудармасы):

Қанша жүрдім: өмірім – бос, құр екен,

Ақырында өлім күтіп тұр екен.

Түбінде *ажал* сөзсіз келіп қуырап,

Тірі жанның шыбын жанын суырап (Баласағұн, 2019: 124).

Ал Әзіреті Сұлтан Құл Қожа Ахмет Иасауи жазбаларында өлім – «негізгі отан», яғни *қабір*, *көр*, *о дүние*, *Алланың құзырына* барар жол:

Бір күндері *ажал* уақты жуық жетсе,

Саған, маған негізгі отан үкім етсе,

Өлмей тұрып жан ащысы зәрін татса,

Не бетіммен Хұзырыңа барам, міне (Диуани Хикмет, 2010: 36).

Мұнда Иасауи алпыс үш жасында сүннет деп қабылдап, жарандарымен бақұлдасып, жарық дүниені тәрк етіп жерге кіргенін, Хақты сүйгендіктен Жаратушысына зікір айтып, жалғыз өліп, жалғыз күйгенін жырлайды. Яғни сопылық таным бойынша, өлім – жалғыз Хаққа жету жолы. Шәкәрім шығармаларында да өлім туралы ойлар осы мағынада жалғасын тауып, философиялық ойлары тереңдей түседі.

Нәтижелер және талқылау

«Өлім онтологиясы туралы қазақ мифологиясын зерттеуші С. Қондыбай былай дейді: «Өлім», «өл» сөзінің өзі де таңба «оқудан» шығарылған. Яғни кіндік нүктенің бір атауы – «өнт», шеңбер атауы – «өң»; мұндағы «өң» > «өн» > «өл» болып өзгерсе, «өнт» – «өлт» болып өзгереді. Шеңбер атауы болған «өл» – әлдебір шекараны білдіреді. Осы шекарадан өткен, яғни өлген пенде қайда барады? Әрине, шеңбердің кіндігіне барады. Шеңбер кіндігінің атауы – «өлт» (өлтір, өл ет), оның праформасы – «өңт», яғни «онтология» (таным) терминіне негіз болған «онтос» түбірімен бір тектес. Бұдан шығатыны – өлу – «тану, білу» болмақ» (Қондыбай, 2004: 238), – дей келіп, жай пенденің Кәміл адамға айналу нүктесін, яғни сопылық жолды мысалға келтіреді. Зерттеуші мұнда сопылық сынақтың соңғы межесі өлім екендігіне және оған мүлде басқа мағына, басқа түсінік берілгеніне назар аударады. Сопылық танымы жетілген Кәміл адам болу үшін бірнеше аңғарды басып өтіп, өлімді де тұлғалық даму мен жетілудің бір сатысы ретінде қабылдауды үйретеді: Бірінші – Ізденіс аңғары (мұнда түрлі қауіп-қатерлерден өтіп, өзіңнің пәнилік тілектеріңнен бас тарту). Екінші – Махаббат аңғары (өз сүйгенінді іздеп табуға деген талпынысыңа жан-тәніңмен берілу). Үшінші – Көкейкөз Танымы (мұнда Ақиқат нұрын тікелей қабылдап, Тәңіріңді тани бастау). Төртінші – Айырылысу аңғары (пәнилік тілектерің мен дүниеге тәуелділіктен азат болу). Бесінші – Қосылу аңғары (мұнда түрліше көрінген заттар мен идеялардың бірегейлігін сезіну. Бұрынғы біліміңнің түкке тұрмайтындығын түсіну). Алтыншы – Тәңті болу аңғары (мұнда танымның орнын сүйіспеншілік басуы, яғни ақыл емес, жүректің үстемдігі). Жетінші – Өлім аңғары (өз орнын табу). Қазақтың болмысына тән, табиғатына сай келетін сопылық таным ұстанымдары Шәкәрім өлеңдеріндегі ойлармен үндесіп жатады.

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «өлім» концептісі «*жүрек соғуының тоқтауы*»,


«тіршіліктің бітуі» деп сипатталса (ҚӘТС, 2009: 144), Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында «ажал» – адамның пәни дүниедегі тіршілігінің соңы, көне сенім бойынша алдын ала белгіленген меже дей келіп, «тағдыр», «маңдайға жазылған», «жазмыш», «пешенеде бар» деген сөздермен байланыстырылады (ҚҰЭ, 2003: 103). Ал «қаза» концептісі Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында бұл дүниелік адам тіршілігінің соңы, адамның бұл дүниеден еріксіз кетуі, кенеттен ажал құшуы, Алланың ықтиярымен сөзсіз болатын жазмыш деп анықталады (ҚҰЭ, 2003: 192).

ХҰ-ХІХ ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясындағы «Өмір-Өлім» концептісінің танымдық табиғатын зерттеген ғалым С.А. Жиренов «ажал» лексемасын ғалам бейнесіндегі «өлім» концептісінің құрамдас элементі ретінде, өлімге қосымша экспрессивтік мән беретін құбылыс деп атайды. «Өлім» макроконцептінің құрамдас бөлігіне Ажал, Қаза секілді микроконцепт тізбегін жатқызады. Этнос дүниетанымында өлім суық сөз болғандықтан, оны жұмсартып *қаза болды, бақилық болды, мәңгілік сапарға кетті, көз жұмды* т.б. сөздермен айту ел ішінде кеңінен қолданылатынын атап өтеді (Жиренов, 2004: 22).

Ғалым Б.И. Нұрдәулетова өлім туралы қалыптасқан ұғым бойынша адамның тәнінен жанның ұшып шығуы өлім деп есептелетінін айтады: «Жанға ұшып шығу әрекеті тән, яғни ол (жан) ұшатын қабілеті бар, өте жеңіл, көзге көрінбейтін нәрсе ретінде сипатталып, көбелек, шыбын тәрізді жәндіктерге баламаланып беріледі: *шыбын жан, бір шыбындай жан, көбелек жан, шыбын шыраңнан, т.б.*», – дей келіп, қазақ танымындағы өлімді сипаттайтын түсініктерді атап өтеді (Нұрдәулетова, 2011: 87),

Аталған анықтамалар негізінде өлімнің мынадай құрылымдық элементтерін келтіруге болады: біріншіден, өлім – болары анық табиғи құбылыс, адамның биологиялық тәнінің тіршілігін тоқтатуы. Екіншіден, өлім – болмыстың бетбұрысы, саналы түрде бас тігуі, адами қасиетінің белгісі. Үшіншіден, өлім – адам жасының ұлғайып, өлшеулі өмірдің соңына жетуі. Төртіншіден, өлім – ажал атты қатердің қанды шеңгелі, жан тапсыратын шешуші сәт. Бесіншіден, өлімнің уәжі сан алуан, оған түрлі дене және рух дерттері себеп болады. Алтыншыдан, ауыспалы мағынада өліммен тең келетін ар-ұят, уәдеге берік болмау секілді қасиеттер де сипатталады.

Жоғарыдағы пайымдауларды негізге ала отырып, Шәкәрім өлеңдеріндегі «Өлім» концептісінің құрамына енетін микроконцептілерді былай көрсетуге болады (Сурет 1):



Сурет 1 – «Өлім» концептісіндегі микроконцептілер

Рисунок 1 – Микроконцепты в концепте «смерть»

Figure 1 – Microconcepts in the Concept of “Death”

Өлімнің осындай кең құрылымына сай, оны жеке-жеке лексика-семантикалық өріс ретінде қарастыруға болады. Сол себепті мақалада ақын шығармаларының паремиялық кеңістігіндегі «өлім» семасының лексика-семантикалық өрісін саралаймыз.

Тіл білімінде лексика-семантикалық топқа жіктеудің қалыптасқан өзіндік қағидасы бар. Алғашқы қағида – семантикалық талдау арқылы сөздің семантикалық құрылымын анықтау, компонентті талдау жүргізу. Лингвистикалық сөздікте берілген анықтама бойынша: «компонентті талдау әдісі – мағыналы тіл бірліктерінің мазмұндық жағын зерттеу әдісі» (Салқынбай, 2002: 156). Талдауда сөздің ең кіші мағыналық бөлшегі, яғни семасы негізге алынады. Сема – сөздің ең ақырғы шектегі мағыналық бөлігі. Тілдегі шындық заттар мен

құбылыстардың атауы олардың түрлі қасиеті мен сапасының қарапайым атауын бейнелейді. Ал сема арқылы біздің санамызда зат пен құбылыстың ерекшелігі мен мән-мағынасы көрініс табады. Лексика-семантикалық топ құраудың екінші қағидасы бойынша топ құрайтын сөздердің саны көп болуы керек.

Сөздерді лексика-семантикалық топқа жіктеу туралы ғалым М. Оразов «сөздерді белгілі бір лексика-семантикалық топқа енгізу үшін әр топтың басқа семантикалық топтардан ажырайтын белгісін, сөздерді топтастырудың критерийін жасап алу керектігін» айта келіп, мынадай негізгі шарттарын ұсынады: «мағыналық сыңар (семалар) арқылы байланысуы; өз дербестігін сақтауы; бірін-бірі мағыналық жақтан толықтыруы; антонимдік және синонимдік сыңарлары да бір лексика-семантикалық топтың аясында болуы; іштей семантикалық топтарға бөлініп, сатылай байланысуы; бір сөз табынан болуы» (Оразов, 1980: 18).

Өріс теориясы лексикалық мағынаның компоненттерін анықтауда қолданылады. Бұл туралы лингвистикалық сөздікте былай дейді: «Өріс (поле) – заттардың, ұғымдардың қызметтік және мағыналық ұқсастығы бар құбылыстардың жалпы жиынтығы. Алғашқы теориялық ұғымдар Й. Трир, Г. Ипсен еңбектерінде кездеседі, олар өрісті «семантикалық өріс» деп атаған» (Салқынбай, 2002: 160). Яғни, лексика-семантикалық өріс – белгілі бір жалпылаушы білгілері бойынша біріккен, ортақ мағыналық компоненттері бар тілдік бірліктер жиынтығы болып табылады.

Ю.Н. Карауловтың пікірінше, лексика-семантикалық өрісте лексикологияның синонимия, антонимия, полисемия, сөз бен ұғым арақатынасы секілді түсініктер қамтылады. Ол семантикалық өрісті ономонологиялық тұрғыда ұғым және семасиологиялық тұрғыда сөз мағынасы арқылы анықтауға болатынын айтады (Караулов, 2010: 218).

Өріс теориясын зерттеген ғалымдардың тұжырымдарына сай өріске енетін сөздерге: бір-бірімен жүйелі байланыста болуы; өріс құрайтын элементтердің жалпы мағынасы бірдей болып, тілде бірдей қызметте жұмсалуды; кемінде екі парадигматикалық қатардан тұратын элементтерден құралатын микроөрістерге бөлінуі; өріс құрамында орталық және шеткері аймақтардың болуы секілді белгілер тән.

Зерттеу тақырыбына сай Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы паремиологиялық бірліктердің лексика-семантикалық топтары компоненттік талдау негізінде айқындалып, жалпылаушы және айырушы семаларына қарай жіктелді.


Тілдегі лексика-семантикалық топтар мен лексика-семантикалық өріс жайлы теорияларға сүйене отырып, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы «өлім» жалпылаушы семасы бар паремиологиялық бірліктерді мынадай лексика-семантикалық топтарға бөліп қарастырдық:

Шәкәрім шығармаларындағы «Өлім» жалпылаушы семасы бар паремиологиялық бірліктердің лексика-семантикалық тобын жіктеуде мақал-мәтелдер не тұрақты тіркестер арқылы жасалған қолданыстар мен авторлық афоризмдерді алуға тырыстық:

- 1) Тумақ, өлмек – *тағдырдың* шын *қазасы*,
Ортасы – өмір, жоқтық қой екі басы (Құдайбердіұлы, 2008: 200).
- 2) Жақыныңнан жау жақсы,
Ең жақының – *қара жер* (Құдайбердіұлы, 2008: 19).
- 3) *Ақ бұйымға* орай бастамағы –
Кебінің сондай бұйымнан (Құдайбердіұлы, 2008: 253),
- 4) Есіңді жи, ерте ойлан,
Қаза келді – өлдім де (Құдайбердіұлы, 2008: 22),
- 5) «*Дерт жасырған ажалсыз өлер*» деген,
Қазақты оңдырмайтын осынысы (Құдайбердіұлы, 2008: 297).
- 6) Болсын да Мәмбетейдің бір айтқаны
«*Еркек тоқты құрбандық*» деген кәне (Құдайбердіұлы, 2008: 39).
- 7) *Өлі жердің* сүйегін,
Тірілтті жайнап жапырақ.
Жаралы менің жүрегім,
Жайнай алмас сол бірақ (Құдайбердіұлы, 2008: 26).

Мұнда паремиологиялық бірліктер арқылы берілген *қаза, қара жер, ақ бұйым, кебін, қаза, дерт, құрбандық, өлі жер* тірек сөздері «өлім» жалпылауыш семасының семантикалық өрісін құрайды. *Қаза, құрбандық, дерт* – өлімге себеп болған, оны анықтайтын тілдік бірліктер болса, *жер, бұйым, кебін* – өлімге қатысты, жерлеуге қажетті бұйымдар ретінде сипатталады.

«Өлім» лексика-семантикалық тобындағы паремиологиялық бірліктердің айырушы семасы тірек сөздердің өлімді сипаттаудағы мағынасы мен түрлі қызметіне қарай анықталды. Мәселен, *қаза* – өлімнің синонимі, *құрбандық* – жамандықтың алдын алу үшін жасалатын жоралғы, *дерт* – өлімге апаратын себеп, *жер* – дүниеден өткен адамның мәңгілік орны, *кебін, ақ бұйым* – адамды соңғы сапарына орап шығаратын соңғы киімі. «Өлім» жалпылаушы семасы бар лексика-семантикалық топтың айырушы семасы – өлімнің құрылымын айқындайтын мағыналық топтар. Аталған ұғымдар лексика-семантикалық топтың талабына сәйкес бір сөз табына (зат есім) жатады (Сурет 2).



Сурет 2 – «Өлім» семасы бар паремиялардың лексика-семантикалық тобы

Рисунок 2 – Лексико-семантическая группа паремий с семой «смерть»

Figure 2 – Lexico-Semantic Group of Proverbs with the Sema «Death»

Шәкәрім шығармаларындағы «Өлім» жалпылауыш семасы бар паремиялардың лексика-семантикалық тобы зерттеу барысында қолданылған компоненттік талдау нәтижесінде анықталды.

Сонымен бірге ақын шығармаларында «өлім» концептісінің мәні тұрақты сөз тіркестер мен мақал-мәтелдер арқылы да айқындала түседі. Мұны «Ажал» жалпылауыш семасы бар паремиялардың лексика-семантикалық тобына жинақтауға болады. Б.И. Нұрдәулетованың пайымдауынша: «Ажал – «өлім» концептісіндегі атрибут ұғым. Жанның кеудеден кетуі мифопоэтикалық кеңістікте *«ажалдан қорқу, үрейлену», «еріксіз қиналып, шырқырап шығу»* әрекеттерімен сипатталады» (Нұрдәулетова, 2011: 90).

Ақын өлеңдеріндегі «Ажал» жалпылауыш семасы бар паремиялардың лексика-семантикалық тобы:

1) Жалындамай сөне қал,

Алла ісіне көне қал (Құдайбердіұлы, 2008: 21).

Мұнда өліммен ассоциацияланатын *жұлдызы сөнді* фразеологизмінің құрамындағы *сөну // сөне қал* етістігі арқылы «Алла ісіне көнуді», яғни өлімге мойынсұнып, оны қабылдауды ұсынады.

2) Жолдасың болса тойымсыз,

Көзіңе құмды тыға бер (Құдайбердіұлы, 2008: 36).

Мұнда фразеологиялық тіркес арқылы «жолдасың» деп адамның қалауы нәпсіні меңзеп тұрғанын байқаймыз және ол тойымсыз болған жағдайда «көзіңе құм құйылып», яғни өлуге, қара жерге көмілуге дайын бол дейді (ҚТФС, 1977: 262).


3) Ажал жетсе өлдің бе,

Өлім келді, көрдің бе? (Құдайбердіұлы, 2008: 19).

Мұнда да «Ажал жетпей өлмек жоқ» деген мәтелдің құрамынан «ажал жетті» деген фразеологиялық тіркестің шартты мағынада қолданылғанын байқаймыз. Өлім факторының

себебін «ажал жету» тіркесі айқындап, мәтелге ұласып тұр. Бір тағанды төрт компонентті мәтел ақын қолданысында бейтарап жақтан екінші жаққа ауыстырылып, өзінің эксплицитті мағынасында берілген. Автордың жеке сөз қолданысына сай окказионалдық ерекшелік, яғни мақал-мәтелдің құрамы мен құрылысын жаймалап қолдану байқалады. Бұл жағдайда мақал еркін тіркестік сипат алып, сөйлеу тіліне жақындаған. Мақалдың контекстік мағынасын дәл беруде, мазмұнын кеңейтіп, экспрессиялық реңін күшейтуде қолданылған деуге болады (Динаева, 2013: 100).

«Ажал» жалпылаушы семасы бар лексика-семантикалық топтың айырушы семасы – адам тіршілігінің соңы, бұл дүниеден еріксіз кетуін сипаттайтын фразеологизмдер. Аталған ұғымдар (*сөне қал, көзіңе құмды тыға бер, жетпесті құдың*) М. Оразовтың сөздерді лексика-семантикалық топқа бөлу талабына сай бір сөз табына (етістік) жатады (Сурет 3).



Сурет 3 – «Ажал» семасы бар паремиялардың лексика-семантикалық тобы

Рисунок 3 – Лексико-семантическая группа паремий с семой «смерть»

Figure 3 – Lexico-Semantic Group of Proverbs with the Sema «Death»

Ақын өлімді сипаттауда метафоралар мен қарама-қарсы мәнді сөздерді көп қолданады. Бұл туралы ғалым А. Салқынбай өз монографиясында өмір мен өлімді Шәкәрім шығармаларындағы басты концепт-оппозиция ретінде көрсететініне, оның мәнін «тумақ-өлмек», «жоқтық-барлық», «жанбақ-өшпек» тұлғаларымен алмастыра отырып сипаттайтынына, осылардың арасындағы мағыналы адам әрекетінің амалдары ретінде нұсқайтынына тоқталады (Салқынбай, 2020: 87). Мәселен, «Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым» атты өлеңінде *ақ* пен *қара* ұғымы қатар алынады:

Тағдырың жазған *ақ* өлім,

Құтылып онан кеттің бе?

Жақыныңнан жау жақсы,

Ең жақының – *қара жер* (Құдайбердіұлы, 2008: 19).

Мұнда ақын тіршіліктің тумақ-өлмек заңдылығын беруде әлем болмысын танудағы өз ізденісіне тән ұлттық ерекшелігі мен сезімдік қабылдауына сай зияткерлік қалпын танытады. *Ақ өлім, қара жер* фразеологиялық тіркестеріне басымдық берілуі қорқыныш сезімін күшейтіп, соңғы демнің жақын екенін сездіреді. Осылайша, *ақ* түс өлім белгісіне айналады. Шәкәрімде бұл тіркес бірнеше рет қайталанып (*Алланың ақ өлімі, тағдырың жазған ақ өлім*), *өлім* мен *ақ* сөзі ассоциация құрады. Қазақ ұғымындағы *ақ жсауып арулап қою, ақ кебінге орау* салттары да осы түспен байланысты. Ал *қара* сөзі халық танымында, негізінен, қайғы-қасіреттің белгісі екені белгілі. *Қара* сөзі сөздікте түсті білдіретін тура мағынасынан бөлек этнографиялық мағынасында «өлікті аза тұтудың белгісі ретінде басқа салатын қара түсті орамал» (Кенжеахметұлы, 2013: 477), – деп анықталады. Этнограф С. Кенжеахметұлы кісі қайтыс болғанда жасалатын «қара жығу», «қара тігу» салтына тоқталады. Онда кісісі қайтыс болған үйге қара жалау ілінеді, яғни «қара тігіледі». Бір жыл бойы ол үйде жоқтау айтылады, қара жалауды көргендер арнайы бұрылып, дұға жасайды. Тек бір жылдан кейін ғана қараны жығу салты жасалады. Яғни қара жалауды алып, сындырып, отқа жағады (ҚҰЭ, 2003: 208). Мұнда өлім қара түспен ассоциацияланып тұр.

Ақының өлім халіне соншалықты жақындығының мәнін тіл қолданысының когнитивтік

негіздерін зерттеген Қ. Жаманбаева зерттеулерінен кездестіреміз. Онда адам баласына тән «көтеріңкі күштер» (возвышенное) деп аталатын табиғи күштер туралы айтылады. Адам өзінің тұлғалық құндылығын дәл осы көтеріңкі күштермен бетпе-бет келгенде ғана түсінеді. «Көтеріңкі күштер кезінде адам өзін-өзі сақтау түйсігін іске қосады екен. Сақтау түйсігі көтеріңкі күй үстінде тұрған үрей мен мұң-қасірет арқылы оянады. Үрей мен қасірет адам жанын күйретіп кетпейтіндей болса, онда адам жүрегін әлдебір тәтті күй билей бастайды» (Жаманбаева, 1998: 90). Автор мұндай хәлді интеллектуалды пайымнан өлім құшағынан тұрғандай ояну (Шеллинг) түсінігі мен сопылар теориясындағы «Өлім далалығы» деген ұғымдармен байланыстырады. Яғни, бұдан өткен адам жаны ендігі жерде үйлесім мен тәртіпті өзі құра бастайды. «Өлімді сезгендей түйсік адамды шошытпайды. Себебі таза таным формасына өткен қасірет қашанда ұлы, қастерлі. Терең жан тыныштығы, берік, мойымайтын ішкі әлем, ішкі айқындылық (таза нәрсе, ұлы нәрсе, сара нәрсе қашан да беймәлім қасіретті тудырады) еріксіз көңілдің жабығуына әкелмек. Себебі сен бәрін жоққа шығарасың, бәрі жалған, бәрі өткінші» (Жаманбаева, 1998: 90). Біз мысалға алған Шәкәрім өлеңдерінен дәл осы күй, осы хәл анық байқалады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде Шәкәрім өз өлеңдерінде өлімді жан досындай қабылдап, онымен сырласатыны, таным-білім жолы ретінде Кәміл адам немесе Абай айтқан толық адам дәрежесіне жетудегі белгілі бір даму сатысы деп сипаттайтыны анықталды. Дәлірек айтсақ, Шәкәрім танымында өлім адамды даралыққа жеткізетін жетілу сатысы болмақ. Шәкәрім өлеңдерінде кездесетін «өлім» концептісі Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында жырланатын «құтылатын жоқ орын», «оралмайтын ұзақ сапар» және Иасауи жазбаларындағы «негізгі отан», яғни қабір, көр, о дүние, Алланың құзырына барар жол деген ұғымдармен мазмұндас деуге болады.

Ақын өлімді сипаттауда психологиялық параллелизмді, оппозициялық қатынасты (*ақ бұйым (жасалық) – кебін*), метафораны (*кіндік кесу – өлу*) қолданады. Өлімнің мәні өлеңдерде қолданылған мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер арқылы ашыла түседі. Мақал-мәтелдердің энтотимистикалық уәжі ақынның айтар ойына сай мәтінді толықтырады. Мақал-мәтелдердің мәтіндік мағынасы мен қолданысында олардың құрамын, сырт құрылысын еш өзгертпей, сол күйінде пайдалану («*Еркек тоқты – құрбандық*»), компоненттерін вариант сөздермен ауыстыру («*Дерт жасырған ажалсыз өлер*»), мақал-мәтелдердің құрамы мен құрылысын ықшамдап және жаймалап қолдану (*Ажал жетсе өлдің бе?*») кездеседі. «Өлім» концептісінің концептілік өрісіне кіретін «қаза», «ажал», «құрбандық» ұғымдары мен *ақ өлім, қара жер, сөне қал, қаза келді, көзіңе құмды тыға бер* деген фразеологиялық тіркестер арқылы халық танымындағы өлімнің мәні айқындалады.

Қорытындылай келе, Шәкәрім паремияларының лексика-семантикалық топтары ғалым М. Оразовтың пайымдауы негізінде анықталды. Нақтылап айтсақ, лексика-семантикалық топтардың құрамына жинақталған сөздер өзара мағыналық (семалар) жақтан байланысып, дербестігін сақтаған. Лексика-семантикалық топтың құрамындағы сөздер бір-бірін мағыналық жағынан толықтырып, тікелей байланысып жатыр. Шәкәрім паремияларының лексика-семантикалық тобын құрайтын сөздер бір сөз табынан, яғни зат есім және етістіктен жасалған. Зерттеуде қолданылған компоненттік талдау негізінде ақын шығармаларындағы «өлім» семалы паремиялардың негізгі екі лексика-семантикалық тобы анықталды:

- 1) «Өлім» жалпылаушы семасы бар паремиялардың лексика-семантикалық тобы;
- 2) «Ажал» жалпылаушы семасы бар паремиялардың лексика-семантикалық тобы.

Осылайша, Шәкәрім шығармаларындағы «өлім» семалы паремиялардың лексика-семантикалық тобы мен олардың мағыналық өрісі, мағыналық байланысы мен тұлғалық құрылымы сараланды.

Әдебиеттер

- Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 66: Қазақ мақал-мәтелдері. – Астана: «Фолиант», 2010. – 350 б.
 Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: «BRK Press», 2019. – 580 б.
 Динаева Б. Қазақ мақал-мәтелдерінің прагма-когнитивтік аспектісі: Монография. – Астана, 2013. – 160 б.
 Диуани хикмет. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2010. – 296 б.

- Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.
- Жиренов, С.А. XV-XIX ғ.ғ. ақын-жыраулар поэзиясындағы «Өмір-Өлім» концептісінің танымдық табиғаты: филол. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы, 2007. – 31 б.
- Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғылым. докт... автореф. – Алматы, 2004.
- Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. Изд. 7-е. – Москва: Издательство ЛКИ, 2010. – 264 с.
- Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Атамұра, 2013. – 384 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т. 12. / Құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек. – Алматы: Арыс, 2009. – 752 б.
- Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. / Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003. – 720 б.
- Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. / Кеңесбаев І.К. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.
- Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 512 б.
- Құдайбердіұлы Шаһкәрім шығармаларының үш томдық жинағы. – Т. 1: Қажыма, ойым, қажыма. – Алматы: Абай клубы, 2008. – 408 б.
- Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 640 б.
- Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику: учеб.пособие. – Москва: Флинта: Наука, 2007. – 296 с.
- Мисиева Л.А. Паремнологические единицы аварского языка: этнолингвистические особенности функционирования: автореф. ... докт. филол. наук: 5.9.5. – Майкоп, 2023. – 46 с.
- Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. Оқулық. – Алматы: ҚР ЖОО қауымдастығы, 2011. – 312 б.
- Оразов М. Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктері. – Алматы: Мектеп, 1980. – 177 б.
- Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік – Алматы: Сөздік – Словарь, 2002. – 304 б.
- Фрумкина Р.М. Психоллингвистика: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – Москва: Издательский центр «Академия», 2007. – 320 с.
- Шаңбай Т. Ұғым мәдениеті (Шәкәрім шығармашылығы аясында). – Алматы: Паритет, 2009. – 352 б.
- Vilarroig-Martín, J. Antropología del hombre mortal y morituro. A propósito de la muerte en Julián Marías. // Pensamiento. Revista De Investigación E Información Filosófica. №291, 2020. P. 1173-1183. <https://doi.org/10.14422/pen.v76.i291.y2020.018>.

References

- Babalar sozi (2010) Zhuz tomdyq. T. 66: Qazaq maqal-matelderi. Astana: Foliant. 350 b. [The word of ancestors (2010). One hundred volumes. Vol. 66: Kazakh proverbs and sayings. Astana: Foliant. 350 p.] (in Kazakh)
- Balasagun, Zh. (2019) Qutty bilik. Almaty: BRK Press. 580 b. [Balasagun, Zh. (2019) Blessed Knowledge. Almaty: BRK Press. 580 p.] (in Kazakh)
- Dinaeva, B. (2013) Qazaq maqal-matelderingin pragma-kognitivtik aspektisi: monografija. Astana. 160 b. [Dinayeva, B. (2013) Pragmatic-cognitive aspect of Kazakh proverbs: a monograph. Astana. 160 p.] (in Kazakh)
- Diuan hikmet (2010) Almaty: Nurly alem. 296 b. [Divan-i Hikmet (2010) Almaty: Nurly alem. 296 p.] (in Kazakh)
- Frumkina, R.M. (2007) Psiholingvistika: ucheb. posobie dlja stud. vysh. ucheb. zavedenij. Moskva: Izdatel'skij centr Akademija. 320 s. [Frumkina, R.M. (2007) Psycholinguistics: a textbook for students of higher educational institutions. Moscow: Publishing Center Akademiya. 320 p.] (in Russian)
- Islam, A. (2004) Ul'tyq madeniet kontekstindegi duniening tildik sureti (salystyrmaly-salgastyrmaly lingvomadeni saraptama): Filol. gylm. dokt. avtoref. Almaty. 340 b. [Islam, A. (2004) The linguistic picture of the world in the context of national culture (comparative linguistic and cultural analysis). Author's abstr. of Doct. of Philol. Sci. diss. Almaty. 340 p.] (in Kazakh)
- Karaulov, Y.N. (2010) Russkij jazyk i jazykovaja lichnost'. Izd. 7-e. Moskva: Izdatel'stvo LKI. 264 s. [Karaulov, Y.N. (2010) The Russian language and linguistic personality. 7th ed. Moscow: LKI Publishing House. 264 p.] (in Russian)
- Kenzheahmetuly, S. (2013) Qazaqtyng salt-dasturleri men adet-guryptary. Almaty: Atamura. 384 b. [Kenzheahmetuly, S. (2013) Traditions and customs of the Kazakh people. Almaty: Atamura. 384 p.] (in Kazakh)
- Qazaq adebi tilining sozdigi (2009) T. 12. Qurast.: Zh. Mankeeva, S. Bizaqov, A. Zhunisbek. Almaty: Arys. 752 b. [Dictionary of the Kazakh literary language (2009) Vol. 12. Comp.: Zh. Mankeyeva, S. Bizakov, A. Zhunisbek. Almaty: Arys. 752 p.] (in Kazakh)
- Qazaq tilining frazeologijalyq sozdigi (1977) Kengesbaev, I.K. Almaty: Gylym. 712 b. [Phraseological Dictionary of the Kazakh Language (1977) Kenesbayev, I.K. Almaty: Gylym. 712 p.] (in Kazakh)
- Qazaqstan. Ul'tyq jenciklopedija (2003) Bas red.: B. Ajagan. Almaty: Qazaq jenciklopedijasynyn bas redakcijasy. 720 b. [Kazakhstan. National Encyclopedia (2003) General ed.: B. Ayagan. Almaty: Main Editorial Office of the Kazakh Encyclopedia. 720 p.] (in Kazakh)
- Qondybaj, S. (2004) Argyqazaq mifologijasy. Almaty: Dajk-Press. 512 b. [Kondybai, S. (2004) Mythology of the Ancient Kazakhs. Almaty: Daik-Press, 512 p.] (in Kazakh)
- Qudaiberdiuly Shakarim shygarmalarynyng ush tomdyq zhinagy (2008) T. 1: Qazhyma, ojym, qazhyma. Almaty: Abaj kluby. 408 b. [A three-volume collection of works by Qudaiberdiuly Shahkarim (2008) Vol. 1: Do not weary, my mind, do not weary. Almaty: Abai Club. 408 p.] (in Kazakh)

- Mankeeva, Zh. (2014) Qazaq til bilimining maseleleri. Almaty: Abzal-aj, 640 b. [Mankeyeva, Zh. (2014) Problems of Kazakh Linguistics. Almaty: Abzal-Ai, 640 p.] (in Kazakh)
- Maslova, V.A. (2007) Vvedenie v kognitivnuju lingvistiku: ucheb. posobie. Moskva: Flinta: Nauka. 296 s. [Maslova, V.A. (2007) Introduction to Cognitive Linguistics: a Textbook. Moscow: Flinta; Nauka. 296 p.] (in Russian)
- Misieva, L.A. (2023) Paremiologicheskie edinicy avarskogo jazyka: jetnolingvisticheskie osobennosti funkcionirovaniya: avtoref. ... dokt. filol. nauk: 5.9.5. Majkop. 46 s. [Misiyeva, L.A. (2023) Paremiological units of the Avar language: ethnolinguistic features of their functioning. Author's abstr. of Doct. of Philol. Sci. diss.: 5.9.5. Maikop. 46 p.] (in Russian)
- Nurdauletova, B.I. (2011) Kognitivtik lingvistika. Oqulyq. Almaty: QR ZHOO kauymdastygy. 312 b. [Nurdauletova, B.I. (2011) Cognitive Linguistics. A Textbook. Almaty: Association of Higher Education Institutions of the Republic of Kazakhstan. 312 p.] (in Kazakh)
- Orazov, M. (1980) Qazirgi qazaq tilindegi qalyptastyru etistikteri. Almaty: Mektep. 177 b. [Orazov, M. (1980) Causative verbs in the modern Kazakh language. Almaty: Mektep, 177 p.] (in Kazakh)
- Salqynbay, A., Abaqan, E. (2002) Lingvistikalıq tusındırme sozdik. Almaty: Sozdik-Slovar', 304 b. [Salkynbay, A., Abakan, Ye. (2002) Linguistic Explanatory Dictionary. Almaty: Sozdik-Slovar', 304 p.] (in Kazakh)
- Shangbaj, T. (2009) Ugym madenieti (Shahkarim shygarmashylygy ajasynda). Almaty: Raritet. 352 b. [Shanbai, T. (2009) Conceptual culture (within the framework of Shahkarim's works). Almaty: Raritet, 352 p.] (in Kazakh)
- Vilarroig-Martín, J. (2020) Antropología del hombre mortal y morituro. A propósito de la muerte en Julián Marías. Pensamiento. Revista de Investigación e Información Filosófica. No.291. P. 1173–1183. <https://doi.org/10.14422/pen.v76.i291.y2020.018> [Vilarroig-Martín, J. (2020) Anthropology of the mortal and dying human being: On the question of death in Julián Marías. Pensamiento. Journal of Philosophical Research and Information. No. 291. P. 1173–1183.] (in Spanish)
- Zhamanbaeva, Q.A. (1998) Til qoldanysynyng kognitivtik negizderi: jemocija, simvol, tildik sana. Almaty: Gylym. 140 b. [Zhamanbayeva, K.A. (1998) Cognitive foundations of language use: emotion, symbol, linguistic consciousness. Almaty: Gylym. 140 p.] (in Kazakh)
- Zhirenov, S.A. (2007) XV–XIX g.g. aqyn-zhyraular pojezijasynyday «Omir-Olim» konceptisining tanymdyq tabigaty: filol. gylym. kand. avtoref. Almaty. 31 b. [Zhirenov, S.A. (2007) The cognitive nature of the «Life–Death» concept in the poetry of akyns and zhyraus of the 15th–19th centuries. Abstr. of the diss. of Cand. of Philological Sciences. Almaty. 31 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 09.02.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 10.12.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 12.12.2025.

© Аманбекқызы Ж., Сыздықова Г.О., Хусаинова Л.М., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

